

Бекітемін
мектеп директоры
К. Баптішев
К. Баптішев

**Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
3 сыныпқа арналған «Көркем жазу» курс
бағдарламасының күнтізбелік жоспары**

**Сыныбы: 3 «А», «Ә»
Сағат саны: 34
Мұғалімі: Ж. Рахимбаева**

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Көркем жазу курсының 3 сыныптарда оқытудың басты мақсаты оқушылардың жазу дағдысын жетілдіру. Күнделікті сабақта оқушыны мәнерлі жазуға бейімдеу. Әдемі жазу да өнер. Ол тек мектеп қабырғасында қалыптасады.. бастауыш сыныптарда сауаттылықтың алғашқы шарттары әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс, таза жазу ережелерін сақтағанда ғана оқушыда мәнерлі жазу дағдысы қалыптасады. Сондықтан жазу сабағы 1сыныптан бастап осы талапқа сай өтуі тиіс. Жазу жұмыстарын оның ішіндекөркем жазуды бастаудан бұрын оқушылармен даярлық жұмысын жүргізу керек.

- Біріншіден, жазу кезінде оқушының дұрыс отыруы, екі білектің стол үстінде болуы, көз бен қалам ұшы ара қашықтығы 25- 30 см болуы;
- Екіншіден, дәптерді дұрыс орналастыру, яғни көлбеу қойылады. Бұл оқушылардың солдан оңға қарай көлбеу жазуына септігін тигізеді;
- Үшіншіден қаламды дұрыс ұстау, үш саусақпен еркін ұстау. Жазудың әлемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой-өрісін дамытуға әсер етеді.

Жаттығу жазу кезінде әріптің көлемі, мөлшерінің бірдейлігі, бірдей ара қашықтықты сақтау ескертіліп отырады. Мұнан кейін жазу шапшандығын біртіндеп арттыруға көңіл бөлінеді.

Мақсаты:

Көркем жазудан арнайы сабақтар жүргізу мақсаты-әріптерді, сөздерді дұрыс, таза, түсінікті, жылдам біркелкі жазуға үйрету. Бастауыш сынып оқушыларын жазуға үнемі машықтандыру –оқытудың басты мақсаттарының бірі. Сондықтан оқушылардың каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру үшін каллиграфия мәнерлері минуттары өткізіліп отырады.

6-10жастағы балалардың жазу мәнері жас ерекшеліктеріне байланысты бірдей емес , үнемі өзгеріп отырады. Бастауыш сыныптардағы каллиграфия мінерлерінің мақсаты: жазудың барлық жақтарының нақтылығы, әріптің көлемі, мөлшерінің бірдейлігі, дұрыс жалғастырылуы, ілмек салу, бірдей ара қашықтықты сақтау, көлбеу жазу түзулігі ескеріліп, әдемі жазу талабын орындау.

Міндеттері

- Оқушылардың дұрыс жазуын қалыптастыру;
- Өмірге көзқарасын ояту;
- Жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
- Дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлай алуға үйрету;
- Дәптердегі үлкен және кіші жолдарды ажырату;
- Жазу кезінде оқушының дұрыс отыруын үйрету;
- Дәптерді дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру;
- Қаламды дұрыс ұстап жазуға машықтандыру;
- Сөздерді үзбей жазуды үйрену;
- Әріптің көлбеулігі, биіктігінің сақталуы;
- Сөз, сөйлемнің ара арақашықтығынын біркелкілігін сақтау.

Күтілетін нәтиже

- Әріптерді, сөздерді дұрыс, таза, түсінікті, жылдам, біркелкі жазу;
- Үзбей жазуға үйрену;
- Әріптің көлемінің бірдейлігін үйренеді;

3 сыныпқа арналған «Көркем жазу» курс бағдарламасы

Бұл курс 3 сыныптарға арналып негізделген. Әдемі жазу да өнер. Әріп элементтерін дұрыс, таза жазу ережелерін сақтағанда ғана оқушылар мәнерлі жазу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық шеберлігін дамытуға арналған. Көркем жазуды жақсы меңгеріп, мәнерлеп жазуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- М.Қоянбаев «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» 2005жыл
- «Қызықты грамматика» жұмыс дәптері «Алматы кітап» баспасы 2012жыл авторы: З. Муфтибекова
- «Қазақ тілі» өзіндік жұмыстар 3-сынып Алматы «Өлке» баспасы 2011жыл Авторлары К.Ерешоева, Г.Сүйіндікова

«Көркем жазу» курс бағдарламасының күнтізбелік жоспары
3 сынып. Барлығы 34 сағат

Қ/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Дайындық жаттығулары	1	05/06.09.2024
2	А а әрпі. Аққу. Мәтінмен жұмыс	1	12/13
3	Ә ә әрпі. Әсемпаз болма әрнеге. Өлеңді жатқа жазу	1	19/20
4	Б б, В в әріптері. Бүлдірген тере барғанда мәтінмен жұмыс	1	26/27
5	Буын, сөз сөйлемдер жазу	1	03/04.10
6	Г г әрпі Дыбыстық талдау.	1	10/11
7	Ғ ғ әрпі. Ғарышкер Әңгіме құрап жазу	1	17/18
8	Е е, Ё ё әріптері Ер елі үшін туады. Әңгіме құрау	1	24
9	З з әрпі. Түрлі тапсырмалар	1	07/08.11
10	Шығармашылық жұмыс. Жатқа жазу	1	14.15
11	Ж ж әрпі. Жұма- қасиетті күн. Тұрлаулы мүшелерді табу.	1	21/22
12	Д д әрпі. Дарын- жанып тұрған жалын. Сын есімді табу.	1	28/29
13	И и, Й й әріптері. Суретпен жұмыс.	1	05/06.12
14	Қ қ, К к әріптері. Қоянның құйрығы неге қысқа, құлағы неге ұзын. Сызбамен жұмыс.	1	12/13
15	Л л әрпі, Лақ бұлақ . Мақалдар жазу.	1	19/20
16	М м әрпі. Малшы. Мәтінмен жұмыс	1	26/27
17	Н н, Ң ң әріптері Наурыз. Өлең құрастыру.	1	09/10.01.2025
18	О о, Ө ө әріптері. Өтірік, өсек-жаман әдеттер. Өлеңмен жұмыс	1	16/17
19	П п, Т т әріптері. Біліп тұрсаң да сұрап ал. Сөз құрамын талдау.	1	23/24
20	Р р, С с әріптері. Рахмет үйрек, сөз, сайлау. Зат етістіктерді табу.	1	30/31
21	Өзіндік жұмыс. Өлең құрастыру.	1	06/07.02
22	Ұ ұ, Ү ү әріптері. Сөздер жазу.	1	13/14
23	У у әрпі. Ауаны, суды қорғау керек. Өз пікірлерін жазу.	1	20/21
24	Ф ф, Хх әріптері . Фабрика хат. Сөйлем ойлау.	1	27/28
25	Һ һ әрпі. Гауһар, жаһан, жиһаз.	1	06/07.03
26	Ц ц, Ч ч әріптері. Сөздерге сөйлемдер құрастыру.	1	13/14
27	Ш ш, Щ щ әріптері. Шеге, шәйнек. Сөйлем ойлау	1	20
28	Ь ь, Ы ы әріптері. Коньки, разьезд	1	03/04.04
29	Ы ы, І і әріптері. Ырыс алды ынтымақ. Білім, ілім үйренейік.	1	10/11
30	Үзіндіні жадқа жазу	1	17/18
31	Э э әрпі. Экран, экскаватор	1	24/25
32	Ю ю, Я я әріптері. Ою, аю, қою, тою, қоян	1	02/08.05
33	Диктант	1	15/16
34	Қорытынды сабақ. Еркін жазу. Түрлі тапсырмалар	1	22/23

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры

К. Байтишев
2024ж



КЕЛІСЕМІН
Мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары
С. Қалдарова
« 28 » 08 2024ж

Ә/Т ОТЫРЫСЫНДА
қаралды
Хаттама №1
Бірлестік жетекшісі
Г. Жусупова
« 28 » 08 2024ж

Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің
4-сыныпта 2024-2025 оқу жылына арналған
«Логикалық математика»
курсының жылдық жоспары

Сыныбы: 4
Сағат саны: 34 апта (аптасына бір рет)
Мұғалім: Қ. Баймұратова

Түсінік хат

Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы жаңа өзгерістер әлемдік тәжірибелерді пайдалана отырып, баланың жеке дара қабілеттерінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа жобаны іздестіру және оны тиімді қолдануға бағытталған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатын басты ұстанымы екендігін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев соңғы жылдардағы білім беру саласын жақсартудағы қатаң талабында «Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру қажет», - деп көрсетіледі. Ал білім беруді жаңарту бір-бірімен тығыз байланысты, әрі өзара шарттас екі қағидамен сипатталады: біріншіден әлеуметтік ортаның терең демократиялығы; екіншіден, тұлғаның тұтас дамуына бағыттылығы.

Бүгінгі таңда білім беру саласында білім алушыларға көп мөлшерде білім беру, олардың сол білімді қолдана алуына ерекше назар аударып отыр. Білімдік парадигманың мұндай үстемдігі білім алушының өзін-өзі іске қосушы, өзін-өзі белсендіруші сезімдері мен өзіне қатысты білім жүйесінен тысқары қалып қоюына әкелуде. Әсіресе бастауыш сынып білім алушыларына пәндер бойынша берілетін ақпараттардың көбеюі оларға қоршаған әлемнің бейнесін, сол әлемдегі өз бейнелерін сезінуге мүрсат бере бермейді.

Сондықтан елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, білім алушылардың шығармашылық потенциалын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Осыған орай сіздерге «Қызықты математика» оқу әдістемелік кешенін ұсынамыз.

Аталған кешен мынандай қағидаларды ұстанады:

- * жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;
- * қарым – қатынас біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
- * білім алушылардың логикалық ойлау, қабылдау, түсіну әрекеттерін жетілдіру;
- * әр бір оқушының жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы оның интеллектін байыту, дүние танымын тереңдету, ой өрісін дамыту;
- * білім алушылардың өзін-өзі тану қабілетін дамытуға жағдай жасау.

«Логикалық математика» оқу-әдістемелік кешенде есепті шығарудың әртүрлі тәсілдері; математика диктант түрлері; геометриялық фигуралармен жұмыс жасаудың тиімді жолдары; логикалық, құзіреттілік тапсырмалары; алынған білімдерін бақылау мақсатында тест және жылдамдыққа берілген өзін және өзгені тексеру тапсырмалары қарастырылған. Сонымен қатар тапсырмалар жүйесі қарапайымнан күрделіге көшу ұстанымында жасалған.

Әр бөлім бірнеше тақырыптарға бөлініп бөліс соңында білімдерін бекітетін тест тапсырмалары берілген.

Оқу-әдістемелік кешен түсіндіре отырып оза оқыту технологиясы, жеке тұлғаға бағытталған нәтиже бағытталған, СТО, ойын, деңгейлік саралап оқыту технологиялары және интерактивті әдіс тәсілдер негізінде жасалған.

Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері

«Логикалық математика»-математика пәнінен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзіндік көрінісі, дербес түрі. Бұл пән ең алдымен білім алушылардың математикалық білім, білік және дағдылардың жүйесімен қаруландырып, түйінді құзіреттерін қалыптастырады.

Мақсаты:

Білім алушылардың математикалық білімін тереңдету мен өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Міндеттері:

-Проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзіреттік дамыған тұлғаны қалыптастыру;

-білім алушыларға бейіндік оқу шеңберіндегі пәндердерді тануда білім алу әрекетінің ынталық деңгейін арттыру;

-оқу әрекетінің формаларын даралау, білім алушылардың өнімді және қайталама әрекеттерін ұштастыру және өз бетінше жұмыс істеу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;

-білім алушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытында математика элементтерін тиімді пайдалану;

-түрлі құзіреттілік логикалық тапсырмаларды шешу арқылы білім алушылардың өзін-өзі ашуға, өзіндік дамуға және тез өзгеретін өмірде өздігінен дұрыс және жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болатын +жеке тұлғаны әлеуметтендіру;

-әр сабақ барысында денсаулық сақтауға бағытталған жаттығуларды тиімді пайдалану,
-оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша білім алушылардың өзіне-өзі ұдайы талдау жасауына, өзіне баға беруіне жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- математикалық түсініктерді меңгереді
- оқушылардың оқу, математикалық сөйлеу дағдыларын ұштаса түседі
- бір амалмен шығаратын қарапайым есептерді түсініп шығару
- өз бетінше есептерді құрастыра біледі
- дұрыс жазу ережесін меңгереді
- шығармашылық қабілеттері артады
- есте сақтау қабілеттері артады
- қиялдау қабілеттері кеңейеді

Пәнді меңгерудегі қойылатын талаптар:

- Психологиялық, гигиеналық және педагогикалық талаптар ескерілуі тиіс;
- Пәнің мақсаты комплексті түрде ескерілуі тиіс;
- Пәнде қарастырылатын оқу материалдары сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік тұрғыдан анықталған нақты мақсаттарды шешуге бағытталуы тиіс;
- Оқытуды ұйымдастырудың тиімді формасы таңдап алынуы керек, яғни бүкіл сыныппен, жекеленген білім алушылармен немесе олардың топтарымен орындалатын жұмыстар үйлесімді болуы тиіс;
- Сабақтың үстінде өзіндік жұмыстың орындалуы және оған ұсынылатын тапсырмалар әр білім алушының дайындығының деңгейіне сәйкес болуы және денсаулығы сақтауға бағытталуы тиіс.

«Логикалық математика» таңдау пәнінің оқу-тақырыптық жоспары
4-сынып

(Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Сандар мағынасы	1	
2	Ештеңе –ол да бірдеңе	1	
3	Жай сандар	1	
4	Математикалық санамақтар	1	
5	Жұмбақ таңбалар	1	
6	Сандармен жасалатын сиқырлы фокус	1	
7	Ауызша есептеудің қызықты тәсілдері	1	
8	Математикалық шифрограмма	1	
9	Қазақша өлшемдер	1	
10	Қазақша өлшемдер	1	
11	Ойнайық та, ойлайық	1	
12	Ғажайып фигура	1	
13	Сиқырлы жұлдызша	1	
14	Математикалық ребустар	1	
15	Математикалық лабиринт	1	
16	Шытырман дөңгелек	1	
17	Геометриялық сөзтізбек	1	
18	Сөзжұмбақтар	1	
19	Қызықты үшбұрыштар	1	
20	Сиқырлы шаршылар	1	
21	Көңілді тапқыштар	1	
22	Мәтінді есептер	1	
23	Жай және құрама есептер	1	
24	Экологиялық мазмұнды есептер	1	
25	Экологиялық мазмұнды есептер	1	
26	Есепті шешудің әр түрлі тәсілдері	1	
27	Қызықты есептер	1	
28	Қызықты есептер	1	
29	Қазақтың қара есептері	1	
30	Қазақтың қара есептері	1	
31	Ертегі есептер	1	
32	Теңдеу құруға берілген есептер	1	
33	Логикалық есептер	1	
34	Жүзден әсуірік,мыңнан тұлпар	1	

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	I- бөлім. «Сиқырлы сандар »	6 сағат	
1	Сандардың ортақ жиынтығы.	1	6.09.24 ж
2	Сандық нұсқама.	1	9
3	Сан қатарын жалғастыр.	1	9
4	Белгісіз санды табу.	1	16
5	Шифрлеу.	1	23
6	Математикалық шытырман.	1	30
	II- бөлім. «Көбейтудің тиімді тәсілдері»	7сағат	
7	9-ға көбейту.	1	7, 10
8	19-ға көбейту.	1	14
9	Үш таңбалы сандар құпиясы.	1	21
10	11-ге көбейту.	1	4, 11
11	101-ге көбейту.	1	11
12	Көңілді есептер.	1	18
13	1001-ге көбейту.	1	25
	III- бөлім. «Логикалық тапсырмалар»	7 сағат	
14	Арифметикалық шытырман.	1	2, 12
15	Ауызша көбейту.	1	9
16	Жасырын таңбалар.	1	9
17	Математикалық сөзжұмбақ.	1	23
18	Қызықты торкөздер.	1	13, 01
19	99-ға көбейту.	1	20
20	25-ке көбейту.	1	27
	IV- бөлім. «Қызықты тапсырмалар»	7сағат	
21	Қызықтыесептер.	1	3, 02, 25
22	Құпия хат.	1	10
23	Сиқырлы торкөздер.	1	17
24	Сандарды 5,50,500-ге көбейту.	1	24
25	Көп таңбалы сандарды көбейту.	1	3, 03, 25
26	Көңілді жаттығулар.	1	10
27	25-ке бөлу.	1	17
	V- бөлім. «Геометриялық фигуралар»	7сағат	
28	Логикалық есептер.	1	7, 0, 25
29	Сиқырлы шаршы.	1	14
30	Құпия код.	1	21
31	Жұмбақ кілт.	1	28
32	Сиқырлы домино.	1	5
33	Білімді тиянақтау.	1	12
34	Тест.	1	19.05, 25



БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры: К. Байтисhev
«28» 09 2024ж

КЕЛІСЕМІН
Мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары
С. Қалдарова
«28» 08 2024ж

ӘТ ОТЫРЫСЫНДА
қаралды
Хаттама №1
Бірлестік жетекшісі
Г. Жусупова
«28» 08 2024ж

**Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің
4-сыныпта 2024-2025 оқу жылына арналған
«Математикалық сауаттылық»
курсының жылдық жоспары**

Сыныбы: 4
Сағат саны: 34 апта (аптасына бір рет)
Мұғалім: Қ. Баймұратова

Түсінік хат

4 - сыныпқа арналған «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері» таңдау курс бағдарламасы оқыту процесінде оқушы математикадан алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдысын арттырып, математикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған.

Берілген курс математикадағы қатысты ұғымдарды, тұжырымдар мен әдістерді мазмұндық ашумен, олардың тәжірибелік маңыздылығын айқындаумен сипатталады. Бұл курсты игеру оқушылардың ой - өрісін, логикалық пайымдау, дәлелдеулерді жүргізу, практикалық есептеулерді шығару барысында математикалық білімдерін қолдану біліктілігін дамытуға PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамытуға, жалпы адами және ұлттық негізде тұлғаның жалпы интеллектуалдық қасиеттерін дамытудың қажетті деңгейіне жетуіне бағытталған.

Таңдау курсының мақсаты:

- жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;
 - коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
 - оқушылардың логикалық ойлау, қабылдау әрекеттерін жетілдіру;
 - әрбір оқушының жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы оның интеллектісін байыту, дүниетанымын тереңдету, ой-өрісін дамыту;
 - оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- Оқушылардың өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Таңдау курсының міндеттері:

- проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- оқушыларға бейіндік оқу шеңберіндегі пәндерді таңдауда білім алу әрекетінің ынталық деңгейін арттыру;
- оқу әрекетінің формаларын даралау, оқушылардың өнімді және қайталама әрекетін ұштастыру және өз бетінше жұмыс істеу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;
- оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытында математика элементтерін тиімді пайдалану;
- түрлі логикалық тапсырмаларды шешу арқылы өзін-өзі ашуға, өзіндік дамуға және өздігінен дұрыс әрі жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болатын жеке тұлғаны қалыптастыру;
- әр сабақ барысында денсаулық сақтауға бағытталған жаттығуларды тиімді пайдалану;

-оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша оқушылардың өзіне-өзі ұдайы талдау жасауына, баға беруіне жағдай жасау.

Кіріспе

Ұсынылып отырған таңдау курсы білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) сәйкес "Математика" пәнінің жалпы білім беретін мектептің 4 сыныптарына арналған оқу бағдарламасын негізге ала отырып, вариативтік компонентінде көрсетілген таңдау пәні бойынша пәнді тереңдете оқыту мақсатында құрастырылған.

«Математикалық сауаттылық» таңдау курсының бағдарламасы 4 сыныптарға арналған және 34 сағатқа есептелген. Таңдау курсы кіріспе, жалпы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру пәндік оқу материалының мазмұнын меңгертуде қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын, дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін қалыптастыру үшін қоршаған ортадан алынған мағлұматтар бойынша есептер құрастыру және оны шығару, өмірмен байланыстырып талдау және есептің шартына байланысты оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, сызба сызу, кесте толтыру т.б.) және математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін қалыптастыруда есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару, есептерді кері есепке айналдыру, салыстыруға арналған тапсырмалардан тұрады. Бұл бағдарламада алдымен оқушылардың тапсырмалар арқылы бейнелік және логикалық ойлауды дамытуға, математикалық тілді дамытуға, оқу-танымдық және практикалық міндеттерді шешуге, айтылған пікірді дәйектеу, дәлелдеу, негіздеу біліктерін дамыту барысында әдістемелік көмек беру мақсаты көзделеді.

Қосымша құралдың мақсаты математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуді қалыптастыру.

Қосымшада оқу материалын терең меңгеру үшін сабақта дидактикалық ойындар, мақал-мәтел, жұмбақ, ребустар,

санамақтар, логикалық жаттығулар, өлең есептер т.б. қолдану қарастырылған.

Көмекші құралда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түсініктемелер, есептер, жұмбақ ертегілер, ребустар, цифрлар әлемі туралы түсініктер берілген. Дамытушылық тапсырмалар, ойын арқылы танымдық белсенділігін, ойлау әрекетін нығайтады. Жеке және топпен жұмыс жасау кезінде алға қойған мақсаттарына жетуге, шапшаңдыққа, нақтылыққа жетелейді.

Күнтізбелік – тақырыптық жоспар
4-сынып